

References

- 1 KR Prezident «Kazkstan – 2050 strategy: a new policy of the State to approve the population of Kazakhstan» horse guide, Central Kazakhstan, 2013, 12–13 (21438).
- 2 Kudaibergenova K. *Competence — a criterion of quality personal development: Proceedings of the Conference*, Almaty, 2008, p. 9–11.
- 3 Turginbaeva B. // *Grade school*, 2005, 3, p. 3–5.
- 4 Taubayeva Sh.T., Barsay B.T., Ospanova B.A. // *The world of knowledge*, 2013, 3, p. 3–5.
- 5 Gotting V.V. *Formation of information and technological competence of the teacher of a vocational education thesis the candidate of pedagogical sciences*, Karaganda, 2008, 30 p.
- 6 Kenzhebekov B.T. *Formation of professional competence of future specialists in the university system: synopsis of the doctor of pedagogical sciences*, Karaganda, 2005, 40 p.
- 7 *Concept development education RK 2015 y.*, [ER]. Access mode: www.enu.kz/downloads/tyzhyrymdamasy.pdf
- 8 Utebaev I.S. *Training of future professionals to the project activity: Theory and Practice*, Karaganda: Tengri Ltd, 2012, 169 p.
- 9 Atežanova G. *The teacher's role in the formation of the new formation of psycho-pedagogical competence* // *Kazak tili*, 2008, 4, 5–8 p.
- 10 Abilkasimova G. *Improvement of innovation and technological preparation of future teachers of vocational training: candidate of pedagogical sciences*, Karaganda, 2008, 27 p.

ӘОЖ: 37.01:377

М.Ж.Қыздарбекова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: makpal_7813@mail.ru)

Жол-көлік саласы мамандарын даярлауда оқыту әдістерінің рөлі

Мақалада көліктік-жолдық бейінді мамандарын даярлау кезіндегі оқыту әдістерін қолдану сұрақтары қарастырылған. 5В090100 – «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығына арналған «Көліктегі еңбекті қорғау және эргономика» оқу курсының құрылымы мен мазмұны ерекшеленген. Автор оқу барысының дидактикалық мақсаттар мен міндеттерін қарастырған, оларды шешу кезінде оқу үдерісінде оқытушының оқу жұмысы мен білім алушылардың танымдық қызметінің сәйкес тәсілдерін ұсынған. Әдістерді талдау оқыту мазмұнының әдістеріне, білім алушылардың контингентінің ерекшеліктеріне, оқу уақытының мерзіміне сәйкестігі туралы оқыту теориясына қойылатын талаптарға сәйкес жүргізілді.

Кілт сөздер: жоғары білім беру жүйесі, тұлға, техника ғылымы, көлік маманы, оқу үдерісі, оқыту әдістері, кейс-әдісі, болашақ мамандарды даярлау.

Еліміздегі жоғары кәсіби білім берудің көп деңгейлі құрылымы және жоғары оқу орнының халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жоғары оқу орнын қазіргі заманның талаптарына сай басқару мәселелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Болашақ мамандардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына, олардың білім беруде модульдік жүйені енгізу жағдайларында кәсіби хабардарлығының бейімделуі жоғары оқу орындарында оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді.

Заманның жаңа даму сатысында білім беру жүйесі қоғамның жаңа экономикалық саясатына, әлеуметтік және интеллектуалдық деңгейіне сай келуі тиіс. Осыған орай білімнің мақсаты, мазмұны және оны оқыту тәсілдері қайта жетілдіру, оқу жүйесін реттеу, ұйымдастыру мәселелері зерттеліп, өз шешімін табуы қажет етеді.

Жеке тұлғаны тәрбиелеу мен оқытуда жоғары оқу орнының алатын орны ерекше. Оның қызметі үнемі дамуда. Жаңа заман талаптарына сәйкес жоғары оқу орнының дамуы көптеген қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді шешуді қамтамасыз етуі керек. Заман талабына білім беру саласының алдына қойған мақсатының ең маңыздысы — қоғамға қажетті жоғары білімді мамандарды даярлау.

XXI ғасырдың басында ғылыми техникалық прогрестің және ақпарат көлемінің өсуі жоғары оқу орындарындағы алынған білім қорының белсенді кәсіби іс-әрекетінің барлық кезеңіне емес, тек қысқа уақытқа ғана оның мұқтажыды қанағаттандыратындығын көрсетті. Болашақ білім беру

саласындағы мамандардың кәсіби міндеттерді шешу үшін өз бетінше ізденуге және білімді игеруге даярлау қажеттігі туындайды.

Назар аударып қарасақ, Қазақстан Республикасы Президентінің әр жылдардағы Жолдауларының арасында өте тығыз байланыс бар. 2004 жылғы Жолдауында: «... ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігі тікелей оның білім беру деңгейімен анықталады», — десе, 2005 жылғы Жолдауында бұл ойлары әрі қарай жалғасын тауып жатыр: «Білім деңгейін жетілдіріп, дамытпаған ел ХХІ ғасырда жоқ болып кетуі ықтимал». 2006 жылғы Жолдауында Мемлекет басшысы: «Білім беру реформасы — Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі», — деп қадап айтса, 2007, 2008 жылдардағы Жолдауында бұл ойлары әрі қарай жалғасын тауып жатыр: «Білім беру реформасының ойдағыдай жүргізілуінің басты өлшемі — тиісті білім мен іскерлік алған еліміздің әрбір азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілуі» — деп атап көрсетсе, ал Президенттің биылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «Халықаралық деңгейдегі сертификаттарды иеленген заманауи техникалық мамандықтарды, инженерлік білім беру жүйесін дамытуды қамтамасыз етуіміз керек», — деп, техникалық білім беруге қатысты нақты міндеттерді жүктеген болатын.

Бүгінгі таңда еліміздің жоғары оқу орындары жаңа міндеттер мен уақыт талабына сай түбегейлі өзгерістерде болашақ мамандар даярлауда. Білгір мамандар даярлау мәселесі адамның жеке басының қабілеттілігін жетілдіріп, оның еңбек дағдысын қалыптастырумен тығыз байланысты. Адамның қабілеті іс-әрекет үстінде дамитыны мәлім, ал дағдының нәтижесінде ол жетіле түседі.

Жеке адамның қоғамнан тыс өмір сүруі мүмкін емес. Демек, оның дамуы қоғамның дамуымен байланысты. Ендеше, адамның психологиялық ерекшеліктерін, өзіне тән қасиеттерін оның әлеуметтік жағдайына, нақтылы кәсібiне, іс-әрекетiне, білім қабілетiне байланысты анықтайды. Жеке адамның психологиясы айналасындағы ортамен қарым-қатынас жасау, қоғамдық тәрбие мен білім алу, кәсіптік қызмет істеу арқылы қалыптасады. Адам әрекет жасау үстінде ғана өсіп жетіледі. Қызмет ету барысында оның қабілеті артады, дағдысы дамиды, кәсіптік іскерлігі молаяды, өмірлік белсенді позициясы қалыптасады және жетіле түседі.

Еліміздің жоғары оқу орындары қоғамда болып жатқан өзгерістерді ой елегінен өткізіп, сол қоғамдағы қозғаушы, жасампаз күш болуы үшін және интеграциялық үдерістерді, яғни бөлшектелген дүниені біріктіру, бір мақсатқа жұмыс істеу үшін біршама шараларды жүзеге асыруда.

Қазақстандағы жоғары оқу орындар сатылы білім беру жүйесіне өтіп, кезеңдік-модульдік оқыту технологиясы мен білімді бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізді. Себебі, әлемдік білім беру кеңістігінде өмір сүріп отырған білім беру жүйелерінің арасында көп сатылы білім беру жүйесі өз артықшылығын көрсетті және біздің жастарымыздың дамыған елдерде кедергісіз білімін жетілдіруге мүмкіндік беретін бірден-бір жүйе болып табылады. Бұл жүйенің Лиссабон келісіміне сай жоғары білім туралы құжаттардың танылуына жағдай жасалып жатқаны белгілі.

Өткен ХХ ғасыр әрбір ұлттың даму деңгейі мынадай мәселелерге байланысты екендігін көрсетті: жаңа ғылыми жаңалықтар, мамандардың сапасы және кәсіптік білімнің деңгейіне байланысты. Ал, енді бұл мәселелер де білім берудің ғылыммен, ғылымның өндіріспен интеграциясын талап етеді.

Қазақстандағы жоғары кәсіби білім берудің көп деңгейлі құрылымы және жоғары мектептің халықаралық білім беру жүйесіне жоспарлы интеграциялануы, жоғары оқу орнын қазіргі заманның талаптарына сай басқару мәселелері жаңа тәсілдерді талап етеді. Болашақ мамандардың шығармашылық мүмкіндіктерінің дамуына, олардың білім беруде дуалдық жүйені енгізу жағдайларында кәсіби хабардарлығының бейімделуі, жоғары оқу орындарында оқу үдерістерін ұйымдастыруда сапалы өзгерістердің қажеттілігін көрсетеді. Дуалдық оқытудың негізгі артықшылықтарына ең алдымен, түлектердің жұмысқа орналасуының жоғары пайызын қамтамасыз ететінін жатқызуға болады, өйткені олар жұмыс берушінің талаптарына толығымен жауап береді. Оқыту өндіріс қажеттілігіне барынша жақын. Есте қалатыны, дуалдық оқытудың қатысушысы ең кіші компания болуы мүмкін. Екіншіден, білім алудың жоғары деңгейіне жетеді, болашақ қызметкердің психологиясы қалыптасады. Дуалды оқыту жүйесі оқытудың барлық кезеңінде компанияда өндірістік оқыту мен оқу орнында теориялық оқытуды біріктіреді.

Қазіргі уақытта еліміздің инновациялық тұрғыдан дамуын басты назарға алып отыр. Яғни, барлық салада жаңаны енгізу, үздіксіз жаңғырту, жаңаша бастау деген сөз.

Техника ғылымына және көлік маманына деген көзқарас қазіргі күнге дейін толық қалыптаспаған. Бірақ кәсіби білікті көлік мамандарын даярлауды ертеңге қалдыруға болмайды. Сол себептен ғылыми-әдістемелік зерттеулер тұрғысынан көлік мамандарын даярлауға қажетті

мәліметтерді жинақтап, оқытудың әдістемелік жүйесін жетілдіру қажет. Демек, заманауи көлік саласы маманының кәсіби іс-әрекеті техникамен, экономикамен, эргономикамен, психологиямен, кәсіпкерлікпен байланысты түрде дамытылуы тиіс.

Қазіргі кездегі жоғары білімнің мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары — өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлауы басым, информатика ілімімен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады.

Ал, енді жоғары кәсіби білім берудің алдында тұрған неғұрлым маңызды, мәнді міндеттерге келсек, мыналарды атауға болады: біріншіден, білім жүйесін жетілдіру; екіншіден, оны үздіксіз әрі көпсатылы құрылым ретінде енгізу; үшіншіден, халықаралық білім кеңістігіне кіру.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді реформалаудың басты бағыты болашақ мамандардың кәсіби білімінің бағдарын жетілдіру екені анықталды.

Бүгінгі таңда бұрынғы жоғары білім беру жүйелерін осы заманғы әлеуметтік, экономикалық даму тұрғысынан жетілдіру талап етіледі. Ең басты мәселе білімді жетілдіру, жаңа жүйеге көшу болып табылады.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында білім мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Оқытудың модульдік жүйесін, дуалды оқыту жүйесін енгізуді, маман даярлаудың көпсатылы құрылымына көшуді, оқу үдерісінде қазіргі заманғы білім беру технологиялары мен сабақ берудің озық әдістерін қолдануды атап айтуға болады.

Оқу үдерісін белсендендіруді оқылатын тақырып немесе зерттеу циклі шегінде жүзеге асыруға болады. Жоо оқу үдерісін белсендендіру дұрыс нәтиже беруде, барлық аталған факторлар білім беру сапасын жоғарылату кезінде дамиды. Жоо білім берудің мақсаттылығын жоғарылату үшін ғылыми-техникалық үдеріс нәтижелерін ескеру қажет. Сондықтан да оқу үдерісінде қоғамды және өндірістің барлық салаларын дамыту есебінен кәсіби білімдер мен дағдыларды дамытатын жаңа курстарды белсендендіру қажет [1].

«Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру» мамандығы бойынша мамандарды даярлайтын академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің көлік және кәсіптік оқыту кафедрасының оқу жоспарына «Көліктегі еңбекті қорғау және эргономика» курсы енгізілген. Бұл курсты енгізуді уақыттың өзі талап етеді, өйткені еңбекті қорғау мен эргономика «адам-техника-орта» жүйесінде адамның еңбек қызметін қарқындалту, адамға арнап қауіпсіз және қолайлы жағдайды құру, сонымен қатар осының есебінен өнімділігін жоғарылату, адам денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігін сақтау үшін пайда болатын мәселелерді оқытады. Бұл курс еңбекті қорғаудың негізгі бөлімдерін қамтиды, жұмыскерлердің еңбекке жарамдылығын және денсаулығын сақтауда басты факторлары ретінде еңбекті қорғау мен эргономиканың өзара байланысын ашады.

Қазіргі кезде қоғамның дамуында еңбек қорғаудың ролі қарқынды ғылыми-техникалық прогресс пен жаңа техниканың пайда болуында біршама өсіп отыр, бұл адамның еңбек қызметінің біршама күрделі және шиеленісуде болады, ол өндірісте төтенше жағдайлардың, кәсіби аурулардың санының өсуіне, адамның жүйкелі-психологиялық жүктемесінің өсуіне әкеліп соғады.

Еңбек қорғау эргономикамен тығыз байланысты, пән — адамның еңбек қызметі, зерттеу объектісі «адам-техника-орта» жүйесі болып табылады. Еңбектің қолайлы жағдайын құру, басқарудың ыңғайлығы, қажудың төмендігі, еңбекке тарту мен беделді көтеру әлеуметтік және эргономикалық маңызды міндеті болып табылады.

Пәнді оқыту мақсаты еңбекті қорғаудың негіздері бойынша білімді қалыптастыру болып табылады, оған келесі негізгі бағыттар енеді: еңбектің санитарлы-гигиеналық шарты, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, еңбекті қорғау бойынша заңнамалар.

Еңбекті қорғау травматизм, кәсіби аурулар мен уланудың алдын алу бойынша профилактикалық шараларды өңдеу мақсатында адам ағзасына өндіріс құралдары мен қоршаған ортаның әсер етуін зерттейді. Ол мүмкін болатын барлық өндірістік жарақат, кәсіби ауру, апат, жарылыс, өрттің себептерін анықтайды және зерттейді, сонымен қатар осы себептерді жою және еңбек қызметінде адамға қолайлы және қауіпсіз жағдай жасау мақсатында талаптар мен шаралардың жүйесін дайындайды.

Теориялық білімнің мазмұнына жұмыс кеңістігін ұйымдастыру, еңбекті қорғау бойынша жұмысты ұйымдастыру тақырыптары енгізілген, оған жұмыс орнының микроклиматы (температура,

салыстырмалы ылғалдылық, ауа қозғалысы мен қысымы) немесе мекемеден тыс жұмыс істегендегі табиғи климат; ауадағы зиянды қоспаның құрамы мен шоғырлануы (шаң, газдар); жарық және өндірістік сәулеленулер; дыбыстық (шу, дірілдеу, жылдамдық) және электромагнитті тербелістер; жұмыс орны кеңістігінің габариті мен көрсеткіштері (психологиялық кеңістік өлшемдері); еңбектегі заттардың, оның ішіндегі жарақат пен апаттарға әрекет ететін тактикалы-техникалық және гигиеналық қасиеттер. Адам іс-әрекетін анықтайтын негізгі фактор жұмыс орнының жарықтандыру деңгейі, құралдары, машиналардың қауіпті бөліктерін шектеу мен қорғау деңгейі болып табылады. Сонымен қатар физикалық және жүйкелі-психикалық жүктемеге әсер ету, еңбек және демалыс тәртібі, әр түрлі автокөлік саласындағы жұмыстардағы қауіпсіздік техникасы, көлік техникасына, электр қауіпсіздігі мен өрт қауіпсіздігіне қойылатын талаптар қарастырылады.

Практикалық сабақтарда теориялық білімдерді бекіту үшін травматизмді талдау әдісі, өндірістік орындарды табиғи жарықтандыруды зерттеу, жұмыс орнында микроклиматтық жағдайларды бақылау, жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың шоғырлануын анықтау, еңбек және демалыс режимінің эргономикалық негіздеулерін зерттейді. Студенттер жұмыс қабілеттілігінің деңгейін интегралды бағалауды анықтау әдістемесін, балдық жүйеде жүргізушілердің еңбек шартын интегралды бағалау, еңбек ауырлығының сандық бағалауын үйренеді; өрт болған жағдайда эвакуациялау жоспарын құрастыруды, өрт сөндірудің алғашқы құралдарын үйренеді.

Алынған білім инженерге кәсіптік шеберлігін жоғарылату, автокөлік құралдарын тиімді пайдалану үшін қажет, ол қазіргі күні көлікті пайдалану және тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру саласында болашақ маманның жалпы мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Көліктегі еңбекті қорғау мен эргономика курсы оқу жоспарындағы педагогика, психология, техникалық ғылымдар сияқты пәндерге негізделеді.

Автокөліктік эргономиканы қолдану саласы келесілер болуы мүмкін: еңбекті қорғау; экология; автокөлік кәсіпорындарының сапасын басқару мен жол көлік жүйесі. Берілген курс мемлекеттік және орыс тілдерінде оқылады, сабақтарда оқудың техникалық құралдарын, компьютерлік бағдарламаларды кең қолдануға болады. Оны енгізу көлік бакалаврларын кәсіби даярлау мақсаттарын толығымен қанағаттандырады. Берілген пән бойынша алынған білімдер, ең алдымен, сенімді және қауіпсіз, яғни тек автокөлік жүйелерінің сапасымын ғана емес, сонымен қатар адам өмірінің сапасын да жоғарылату, болашақ мамандарға адам өмірін қолайлы, жоғары техникалы етіп жасау мүмкіндігін береді. Бұған қоса, мұндай курс студенттерге этикалық және эстетикалық нормаларды қалыптастыра отырып, тәрбие беру ролін орындайды. Бұл пән студенттерде үлкен қызығушылық туғызады. Қарағанды қаласында автокөліктік эргономиканы дамыту жолдарын ашатын дипломдық жоба қорғалды.

Көрсетілген курсты оқу жоспарына енгізу оқу үдерісін белсендендіру формаларының бірі ғана. Білім берудің барлық салаларында белсендендіруді қолдану жоғары білікті мамандарды даярлау сапасын жоғарылатудың негізгі факторы ретінде қызмет етеді.

Қоғамды алға сенімді жылжыту үшін әрбір жаңа буын білімділік пен кәсіби біліктіліктің жоғарырақ сатысына көтерілуі қажет, сондықтан оқу үдерісін белсендендіру жоғары білім беру салаларын қарқынды дамытудың маңызды бағытының бірі [2].

Қолданыстағы білім беру жүйелерінің әлсіз жақтары, ол теориялық білімдерді тәжірибе жүзінде беруге жеткіліксіз көңіл бөлу болып табылады. Осы мәселені шешу үшін болашақ мамандардың кәсіби қызметімен жоғары дәрежеде сәйкестендірілген оқыту әдістерін қолдану қажет. Олардың қатарына белсенді әдістер жатады, олар студентті жеке іздеу-зерттеу қызметіне келтіретін жағдайларды құру болып табылады. Оқытудың белсенді әдістерінің арасында келесілері ерекшеленеді: өндірістік жағдайларды талдау (кейс-әдістер); семинар сабақтары («дөңгелек үстел»); ролдік ойындар; тренингтер.

Кейс-әдістер белгілі бір уақытта нақты кәсіпорынның алдында тұрған мәселені талдауды білдіреді. Берілген әдістердің ерекшелігі — жалғыз дұрыс шешімнің болмауында. Бір немесе бірнеше тиімді нұсқаларды таңдау «фокус-топ» әдісімен топтық талқылау барысында жүзеге асырылады. Осыған байланысты коммуникациялық өзара әрекет ету дағдылары, негізгі мәселені ерекшелену мен бірігіп шешім қабылдау дағдылары дамиды. Кейс-әдістерде нақты тақырып болады, сондықтан да нақты мысалмен өткен теориялық материалды қайталау мен бекіту ұсынылады.

«Дөңгелек үстел» әдістемесін қолданумен сабақ жүргізу алдын ала таңдап алынған бағдарлама бойынша қарастырылатын сұрақты жан-жақты талқылауға жол береді. Алдыңғылардан

айырмашылығы, берілген әдістерді қолдану теориялық аспектілерді қарастыруға көңіл бөлуді болжайды.

Белсенді әдіс ретінде мамандарды даярлау үшін кең қолданылатын ролдік ойындарды қолдануға болады. Ролдік ойын қатысушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын, техникасы мен тәсілдерін жаттықтыруға бағытталады.

Ролдік ойындар жүргізу процедурасын келесі кезендер түрінде ұсынуға болады:

- ролдік ойын жүргізу бойынша нұсқаулықты ұсыну;
- тапсырманы түсіндіру;
- ролдік ойынға қатысушыларды анықтау;
- қатысушылар арасында ролдерді бөлу;
- қатысушыларды дайындау;
- «көрермендерге» нұсқаулықты түсіндіру;
- жағдайларды ойнап көрсету;
- ролдік ойынға қатысушылардың жағынан және «көрермендер» жағынан өздерінің алған сезімдерімен бөлісулері;
- ойынды талқылау.

Қазіргі кезде оқытудың тренинг деген белсенді әдісі кең таралған. Тренинг кезінде алынған білімдер оған қатысушылардың танымдық психологиялық үрдістерін белсендіреді. Нақты әрекеттер мен коммуникативті үрдістерді талап ететін тапсырмалар мен жаттығулар белсенді үрдіске адамның өзін-өзі ұстауын енгізуге көмектеседі.

Оқытудың осы әдісін қолдана отырып, тренер тұлғаның эмоциональдық және мотивациялық жақтарын дамыту мақсатын ұстанады. Бірақ әрбір нақты тренинг тұлғаның бір жағын емес, көбінесе кешенді түрде дамытуды ұстанады.

Эмоциональдық сатыда тренингке қатысушы мынандай дағдыларды игереді: әңгімелесушімен қатынас құру, оның эмоциональдық жағдайын анықтау, әңгімелесу үрдісінде қолайсыздықты жою.

Тұлғалық дәрежеде қатынас пен іске бағыттылық дамиды, өзіндік мотивтер танылады, әңгімелесушілердің мотивтерін түсініледі, өзіндік тұлғаны дамыту мотивациясы құрылады [3].

Оқытудың қарастырылған әдістері студенттерге теориялық алған білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануға, шығармашылық қабілеттіліктерін, өзінділігін және жекешілігінің болуына жол береді, ойларымен бөліседі, сонымен қатар мәліметтерді талдау және шешімдерді дайындау дағдыларын алуға жол береді.

Сондай-ақ қазіргі уақытта білім беруде сабақ барысында интерактивті құралдарды қолдануда. Интерактивті құралдардың көмегімен оқытушының, студенттің шығармашылықпен жұмыс істеуіне жол ашылып отыр.

Білім берудегі интерактивті технология — мұндағы интерактивті сөзі — *inter* (бірлесу), *act* (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында студенттің топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін-бір толықтырып, сабақ барысында барлық студенттердің қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Флипчарт — бұл бірнеше қажетті беттерден тұратын негізгі жұмыс аймағы. Бұл аймақта презентацияны құруға және оны көрсетуге қажетті құралдардың барлығы көрсетіледі.

«Активті экран» кешені білім үрдісінде қолданылатын ақпаратты көрсетуге және оны компьютермен басқаруға тағайындалған әмбебап интерактивтік жүйе болып табылады.

«Активті экран» бағдарламалық-техникалық кешенінің дидактикалық мақсатта пайдалану барысында олардың негізгі қызметі — жалпы ақпаратпен кәсіби біліктілікті жетілдіру бағытында қолданып, сонымен қатар бұл құралдың студенттердің ойлау және ойын қысқа және түсінікті түрде жеткізе білу қабілетін арттырып, өз ойларын жаңа технология құралдары көмегімен жүзеге асыруын қалыптастыруды қамтамасыз ете алатын белгілі болады.

Егер оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы жоғары оқу орындарында сабақтарды жанаша ұйымдастыру, оқытушының ролі мен қызметінің артуына жағдай жасасак, онда ақпараттық технологиялар мен инновациялық оқыту әдістері арқылы студенттерді ізгілікке, елжандылыққа, саналылыққа, адамгершілікке, имандылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелей аламыз [4].

Білім беру жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін оны халықаралық стандарттар деңгейіне шығару қажет, бұл бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Сонымен, қазіргі уақытта маман даярлау мен қайта даярлаудағы жаңаша көзқарасқа, білім берудің қазіргі заманғы жаңа технологиялары мен стандарттарына үлкен талап қойып отыр. Білім беру шеңберіндегі тасымалдау, көлікті пайдалану жұмыстарының жаңа мақсаттарын және оны меңгеруде қалыптасқан жүйенің жоқтығын ескере отырып, болашақ мамандарды даярлауды жеке мәселе ретінде тек практикалық қана емес, сонымен қатар теориялық тұрғыдан да айырып көрсету керек.

Білім мазмұнын, оқыту үдерісін, оқу бағдарламалары мен жоспарларын және оқу құрылымын тиімділеу республика бойынша жоғары оқу орындарында мамандық бойынша жоғары білім жаңаша көзқарасқа ие болды. Білім берудің басты сипаттары — оның тұтастығы, оқытудың мазмұны мен сапасына қойылатын мемлекеттік талаптардың бірегейлігі, икемдігі мен көпсатылылығы, мазмұнын жақсарту мен білім жүйесін басқаруды демократияландыру болуға тиіс. Қорыта келгенде, республикамыздағы көлік саласы бойынша жоғары білімді мамандар даярлауда, жоғары кәсіби білімін реформалауда қаржыландырудың көпсалалы жүйесін қалыптастыру, аймақтық оқу-ғылыми-өндірістік кешенін құру, дүниежүзілік білім беру жүйесіне ену, оқытудың дәстүрлі технологиясын жетілдіре отырып, заманауи ақпаратты оқыту технологиясын енгізу және ғылыми жұмысты жүргізуге жағдай туғызу сияқты өзекті мәселелерді шешуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Коджаспирова Г.М., Петров К.В.* Технические средства обучения и методика их использования: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. зав. — М.: Академия, 2001. — 256 с.
- 2 *Мицук Л.М.* Взаимосвязь интенсификации учебного процесса и повышения качества образования: Материалы науч.-практ. конф. «Проблемы и перспективы применения стандартов ИСО серии 9000 в системе менеджмента качества организаций образования. — Павлодар: Изд-во Павлодар. ун-та, 2004. — 130 с.
- 3 *Платонов В.Я.* Деловые игры: разработка, организация и проведение: Учебник. — М.: Профиздат, 1991. — 192 с.
- 4 *Рубинштейн С.Л.* Основы общей психологии. — СПб.: Питер, 2002. — 180 с.

М.Ж.Киздарбекова

Роль методов обучения при подготовке специалистов транспортно-дорожного профиля

В статье рассмотрены вопросы использования методов обучения при подготовке специалистов транспортно-дорожного профиля. Выделены структура и содержание учебного курса «Охрана труда и эргономика на транспорте» для специальности 5В090100 – «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта». Автором определены дидактические цели и задачи учебной деятельности, при решении которых в процессе обучения применяются соответствующие способы учебной работы преподавателя и познавательной деятельности обучающихся. Отмечено, что выбор методов опирается на требования теории обучения о соответствии методов содержанию обучения особенностям контингента обучаемых, количеству учебного времени.

M.Zh.Kizdarbekova

Role of methods of training at training of specialists of a transport and road profile

In article questions of use of methods of training are considered at training of specialists of a transport and road profile. The structure and the maintenance of a training course «Labor protection and ergonomics on transport» for specialty the 5B090100 – organization of transportations, movements and transport operation are allocated. The author considered the didactic purposes and problems of educational activity at which decision in the course of training the corresponding ways of study of the teacher and cognitive activity of the being trained are applied. The choice of methods is guided by requirements of the theory of training about compliance of methods to the content of training, features of the contingent of trainees, quantity of school hours.

References

- 1 Kodzhaspirova G.M., Petrov K.V. *Technical means of training and technique of their use: Manual for students of higher educational institutions*, Moscow: Akademiya center, 2001, 256 p.
- 2 Mishchuk L.M. *Materials scientific and practical conferences «Problems and Prospects of Application of the ISO Standards of a Series 9000 in Quality Management System of the Organizations of Education»*, Pavlodar: Pavlodar university, 2004, 130 p.
- 3 Platonov V.Ya. *Business games: development, organization and carrying out: Textbook*, Moscow: Profizdat, 1991, 192 p.
- 4 Rubenstein S.L. *Fundamentals of the general psychology*, Saint-Petersburg: St. Petersburg, 2002, 180 p.

Репозиторий Қарғу